в-третьих, вовлечение всех государств в соответствующие действия по обеспечению этих прав;

в-четвертых, равно почтительное отношение к основным правам и свободам, как в нормальных жизненных ситуациях, так и в условиях чрезвычайного положения либо во время вооруженных конфликтов.

Всеобщая ценность прав и свобод может быть гарантирована только при условии всеобщего характера правового регулирования и правовой защиты.

В современном международном праве и в науке международного права ощутимо стремление к формированию в системе международного права целостного комплекса норм, непосредственно связанных с правами и свободами личности. Этот комплекс однородных норм, объединенных предметом регулирования и базирующихся на принципе уважения прав человека и основных свобод, представляет собой отрасль международного права, для обозначения которой предлагались разные наименования: «международная защита прав человека», «международное сотрудничество в обеспечении прав человека», «права человека и международное право» (либо просто «права человека»). Все эти варианты не подходят для отрасли права, поскольку характеризуют субъективные права, а не право как совокупность норм. А формулировка: «Права человека как отрасль права есть совокупность принципов и норм...» - допускает смешение указанных взаимосвязанных, но не однопорядковых категорий. Ближе к характеристике отрасли выражение «право прав человека», но такое словосочетание вряд ли удачно. В последнее время для обозначения рассматриваемой отрасли предложен термин «международное гуманитарное право».[12;7]

Приверженность Казахстана основополагающим правам человека, провозглашенным во Всеобщей декларации прав человека, и решимость работать и далее во имя реализации и соблюдения международно-правовых норм, закрепленных в международных соглашениях по правам человека, являются главной задачей стоящей перед Казахстаном и является гарантом долгосрочных отношений между государствами.

### Литература

1. Конституция РК от 30.08.1995.
2. Конвенция МОТ «О принудительном и обязательном труде».
3. Гражданский Кодекс РК от 27.12.1997. С изм. и доп. по сост. на 07.03.2014.
4. Уголовный кодекс РК от 16.07.1997. С изм. и доп. по сост. на 28.06.12.
5. Уголовно-процессуальный Кодекс РК от 13.12.1997.
6. Крылов Н.Б. Правотворческая деятельность международных организаций. -М., 2000.
7. Маргиев В.И. Внутреннее право международных организаций. - М., 2005. -25 с.

- 
8. Воеводин Л.Д. Юридический статус личности. -М.: «Просвещение», 2005.-155 с.
  9. Игнатенко Г.В. Конституция и права человека: международно-правовой аспект. -М.: «Просвещение», 2004.-57с.
  10. Комментарий к Конституции Республики Казахстан. -Алматы, 2006.
  11. Права человека в истории человечества и в современном мире./Под ред. Е.А.Лукашевой. -М.: «Знание», 1990. -155 с.
  12. Права человека: история, теория, практика.//Сборник статей. -М., 2005.-7 с.
  13. Права человека накануне XXI века./Сборник статей. -М., 2004.
  14. Амандыкова С.К. Конституционное право Республики Казахстан. -Караганда:«Болашак», 2012.
  15. Қалимұқашева А. Адам құқықтары мен бостандықтары ең басты мәселе.// «Заңгер».- 2011. №5.
  16. Айымханова Н.Қазақстан Республикасының еңбек құқығы. Оқу құралы. Алматы: «Жеті Жарғы», 2012.
  17. Сухарева А.Я., Крутских В.Е. Большой юридический словарь. -М.: «Мысль», 2000.
  18. Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права. -М.,2000.

УДК 343

### **Преступления против мира и безопасности человечества**

**С.Б. Саутбаева, Ж.Б. Досов**

*Актюбинский региональный государственный университет имени К. Жубанова  
город Актюбе, Казахстан*

*Мақалада әлемге және адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар және олардың ұлттық және халықаралық құқық жүйесіндегі орны қарастырылады.*

*In the article crimes are examined against the world and safety of humanity their place in the system of national and international law, bases of international organized-righted mechanism of collaboration in a fight against criminality.*

*Кілт сөздер:* әскери қылмыстар, экоцид, геноцид, әскери трибуналдар, статут, апартеид.

**Key words:** soldiery crimes, genocide, military commissions, statute, apartheid.

Глобальные изменения мирового сообщества во второй половине 20 в. отразились и в УК РК. В самостоятельной главе Особенной части УК закреплены преступления против мира и безопасности человечества, называемые международными преступлениями. Основой для них являются международные документы. Уставами Нюрнбергского (1945) и Токийского (1946) Международных военных трибуналов выделялись три группы преступлений: преступления против мира; военные преступления или нарушения законов и обычаев войны; преступления против человечества. Весомый вклад в кодификацию анализируемых преступлений внес Римский Статут Международного уголовного суда (1998). К настоящему времени окончательного перечня преступлений против мира и безопасности человечества в международном уголовном праве нет.

Родовым объектом международных преступлений являются отношения, обеспечивающие мир и безопасность человечества. Видовой объект аналогичен родовому. Общественными отношениями по обеспечению мира, безопасности мирового сообщества являются отношения добрососедства народов, мирного урегулирования споров, уважения принципов суверенитета государства, территориальной целостности, невмешательства во внутренние дела государства, соблюдения прав и свобод человека, выполнения общепризнанных обычаев и методов ведения военных действий, сохранения окружающей среды для безопасного существования человечества.

Объективная сторона преступлений характеризуется активным поведением. Имеются составы с альтернативными действиями, для признания преступления с таким составом, оконченным достаточно совершения хотя бы одного из альтернативно названных действий. Составы преступлений бывают формальные либо усеченные. Обязательным признаком иногда называются способ, например, жестокое обращение, обстановка, средства, место совершения преступления.

Следующие преступления, считаются международно-правовыми преступлениями:

1. Преступления против мира:

а) планирование, подготовка, развязывание или ведение агрессивной войны или войны в нарушение международных договоров, соглашений или заверений;

б) участие в общем плане или заговоре.

2. Военные преступления: нарушение законов и обычаев войны, в том числе, убийство, дурное обращение или увод на рабский труд или для других целей гражданского населения оккупированной территории, убийство или дурное обращение с военнопленными или лицами, находящимися в море, убийства заложников или разграбление городов и деревень или разорение, не оправдываемое военной необходимостью.

3. Преступления против человечности: убийство, истребление, порабощение, высылка и другие бесчеловечные акты, совершаемые в отношении гражданского населения, или преследование по политическим, расовым или религиозным мотивам, если такие действия совершаются или такие преследования имеют место при выполнении какого-либо военного преступления против мира или какого-либо военного преступления, или в связи с таковым - статья 6 Устава Международного военного трибунала (Нюрнбергского) от 8.08.1945г.

Уголовный кодекс РК предусмотрел самостоятельный раздел. Впервые преступность данных деяний была сформулирована в нормах международного права. Устав ООН от 26 июня 1945 г. говорит о том, что предотвращение и устранение угроз миру осуществляются путем развития международного сотрудничества в разрешении проблем экономического, социального и гуманитарного характера. Развивая этот тезис, подавляющее большинство международных документов уголовно-правового характера требуют установить преступность того или иного деяния в национальном законодательстве также и в связи с тем, что положения международного уголовного права имеют малую возможность применения непосредственно. Данная традиция была заложена в ст.5 Конвенции о геноциде, предписывающей государствам-участникам для введения в силу её положений «провести необходимое законодательство в соответствии со своей конституционной процедурой».[10;155]

После Нюрнбергского и Токийского процессов в рамках ООН продолжалась работа по развитию нормативной базы, необходимой для борьбы с преступлениями против мира и безопасности человечества. В 1947 г. в резолюции 177 Генеральная Ассамблея ООН поручила в этих целях Комиссии международного права составить проект кодекса о преступлениях против мира, безопасности человечества. В 1991 году на своей 43-й сессии Комиссия международного права в предварительном порядке приняла в первом чтении проект этого Кодекса, который через Генерального секретаря ООН был направлен правительствам стран на предмет его обсуждения. Часть первая проекта включает нормы, формулирующие общие вопросы уголовной ответственности за указанные преступления. Часть вторая формулирует 12 составов преступлений против мира и безопасности:

1) агрессия;

2) угроза агрессией;

3) вмешательства во внутренние и внешние дела другого государства; 4) колониальное господство и др. формы иностранного господства;

5) геноцид;

6) апартеид;

7) систематическое и массовое нарушение прав человека;

8) исключительно серьезные военные преступления;

- 
- 9) вербовка, использование, финансирование и обучение наёмников;
  - 10) международный терроризм;
  - 11) незаконный оборот наркотических средств;
  - 12) преднамеренный и серьёзный ущерб окружающей среде.

Такой расширенный перечень преступлений (по сравнению с Нюрнбергом) вызвал замечания, поступившие от 22 государств. Так, например, английские юристы справедливо заметили, что понятие «колониальное господство» не обладает четким юридическим содержанием и в настоящее время представляет собой явление, фактически исчезнувшее из политической жизни. Деяния, совершаемые во время колониального господства, могут войти в качестве составных частей других преступлений (например, геноцида). Также юридически неопределенно понятие систематических и массовых нарушений прав человека, охватывающее совершение убийств, пыток, преследование по социальному, политическому, расовому, религиозному или культурному признаку, осуществляемое на систематической основе или в массовом масштабе. Данное определение также «пересекается» с определениями геноцида и апартеида, а также военных преступлений, что нарушает принцип ст.20 Римского статута Международного Уголовного суда и национальных уголовно-правовых систем - никто не может дважды подлежать уголовной ответственности за одно деяние.

Нечёткие перспективы принятия Кодекса о преступлениях против мира и безопасности человечества привели к тому, что проблема ответственности за эти преступления стала превращаться в проблему национального уголовного права. «Обгоняя» кодификацию международно-правовых норм об ответственности за преступления против мира и безопасности человечества, государства объединяют эти нормы в самостоятельные разделы своих национальных уголовных кодексов.

УК Франции в книге 2 «О преступлениях и проступках против человека» содержится раздел «О преступлениях против человечества» - глава 1 «О геноциде». В разделе 16 УК Германии «Преступные деяния против жизни» включен §220a «Геноцид»; §80-80a - «Подготовка агрессивной войны», «Подстрекательство к агрессивной войне»; §102 - «Нападение на лиц, пользующихся международной защитой»; §103 - «Оскорбление лиц, пользующихся международной защитой». Раздел 24 УК Испании («Преступления против международного сообщества») содержит систему преступлений против мира, - глава 2 «О геноциде» полностью повторяет положение Конвенции о геноциде 1948 г., ст.608 УК - Военные преступления; ст.609 УК - Покушение на жизнь и здоровье» лица, имеющего международную защиту по договору» ст.614 УК - Совершение или приказ совершения во время вооруженного конфликта действия, противоречащего положениям международных договоров, которые подписала Испания.

Объединение в одну группу преступлений против мира, преступлений против безопасности человечества и военных преступлений обосновано тем, что общим родовым объектом преступлений являются основы существования жизни на земле, существование значительной части человечества. Юридическим основанием для выделения трёх категорий преступлений УК РК является их непосредственный объект. Непосредственным объектом преступлений против мира признаются охраняемые общепризнанными принципами международного права и международным правом интересы соблюдения всеобщего мира и правил мирного урегулирования межгосударственных споров.

Исходя из целостного понимания преступлений против мира и безопасности человечества, определенных в международном праве, становится ясным, что эти жизненно важные интересы значимы для всего мирового сообщества. С другой стороны, безопасность человечества включает в себя защиту жизни той или иной демографической группы. Следовательно, непосредственным объектом безопасности человечества будет интерес защищенности человечества, в целом либо демографических групп от угроз их физическому существованию, исходящих от субъектов уголовного права. При этом, безопасность человечества не связана наличием военных действий. Это подтверждает и ст.1 Конвенции о

предупреждении преступления геноцида и наказания за него от 9 декабря 1948г.: «Договаривающиеся стороны подтверждают, что геноцид независимо от того, совершается ли он в мирное или военное время, является преступлением, которое нарушает нормы международного права...».[12:102]

Так же и преступление экоцида может быть совершено в мирное время, поставив под угрозу физическое существование неопределенного круга лиц. Так, в Конвенции о воздействии на природную среду установлена обязанность не прибегать к военному или иному враждебному использованию средств воздействия на природную среду, которые имеют широкие, долгосрочные или серьезные последствия, в качестве способов разрушения, нанесения ущерба или причинения вреда любому другому государству-участнику. Начиная с момента принятия указанной конвенции (1977г.) экоцид стал рассматриваться в международном праве как преступление, угрожающее безопасному существованию человечества в целом.

Женевские конвенции 1949 г. Дополнительные протоколы к ним, ст.5,8,17,20 и 21 Римского Статута все преступления, объединенные следующими юридическими критериями, определяют как «военные»:

1.Деяние должно иметь место во время вооруженного конфликта - т.е. при наличии фактического состояния войны между государствами, либо при внутрисударственном вооруженном конфликте. В противном случае деяния, причиняющие вред или угрожающие причинением вреда интересам безопасности человечества, должны быть квалифицированы как соответствующие преступления обще уголовного характера.

2.Деяние посягает на установленный в международном гуманитарном праве порядок ведения вооруженных конфликтов. Этот порядок является составной частью интересов мира и безопасности человечества.

3.Перечень военных преступлений как преступлений против мира и безопасности человечества установлен в актах международного уголовного права.

Таким образом, теоретико-юридическим основанием для выделения категории военных преступлений среди преступлений против мира и безопасности человечества является непосредственный объект военных преступлений: охраняемые общепризнанными принципами международного права и международным гуманитарным правом интересы соблюдения правил ведения вооруженных конфликтов международного и немеждународного характера.

Республика Казахстан неотступно следует принципу развития международного сотрудничества для поддержания международного мира и безопасности с целью предотвращения либо устранения угрозы миру, имплементируя соответствующие положения международного уголовного права в национальное законодательство.

## Литература

- 1.Уголовный кодекс Франции.
- 2.Уголовный кодекс ФРГ.
- 3.Уголовный кодекс Испании.
- 4.Международный Пакт о гражданских и политических правах человека.-М.,1966.
- 5.Устав Международного военного трибунала (Нюрнбергского) от 8 августа 1945г./Сборник действующих договоров, соглашений и конвенций, заключенных СССР с иностранными государствами. - М., 1955, Вып.11.
- 6.Конвенция о пресечении преступления апартеида и наказания за него от 30 ноября 1973.
- 7.Конвенция о привилегиях и иммунитетах ООН 1946. //Между народное публичное право. Сборник документов. Т.1. - М.,2007.
- 8.Адельханян Р.А. Военные преступления в современном праве. -М.,2003.
- 9.Кибальник А.Г., Соломоненко И.Г. Преступления против мира и безопасности человечества.- Алматы, 2004.
- 10.Махатов А.К. Международное право. - Алматы,2000.-155 с.

- 
- 11.Адельханян Р.А. Признаки террористического преступления по международному праву. - Алматы, 2002.
  - 12.Адельханян Р.А. Военные преступления в современном праве. - М.,2008.-102 с.
  - 13.Глотов С.А. Конституционно-правовые проблемы сотрудничества в области прав человека. - М.,2007.
  - 14.Кибальник А.Г. Соломоненко И.Г. Преступления против мира и безопасности человечества. - Алматы, 2008.
  - 15.Мухамбетов Т.А. Международное право. - Алматы, 2000.
  - 16.Амандыкова С.К. Конституционное право Республики Казахстан. - Караганда: «Болашак», 2011.
  - 17.Котов А.К. Конституционализм в Казахстане: опыт становления и эффективность механизма власти. – Алматы, 2000.
  - 18.Ударцев С.Ф. О защите конституционных основ права собственности при их нарушении законами и иными нормативными актами. - Алматы, 2012.



**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ  
ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ**

**Pedagogics and Psychology**

ӘОЖ 378.126

**Педагогикалық үдеріс компоненттері – болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін дамыту негізі**

**Г.Е. Елеусинова, М.М. Рашова, А.Н. Нұрлыбек**

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В данной статье авторы рассматривают компоненты педагогического процесса как основу развития потенциала будущих учителей. Трансформация - сущность педагогического процесса.*

*In the article below there are considered components of pedagogical process as basis of development potential of future teachers. Transformation - the essence of the pedagogical process.*

Ключевые слова: содержательно-целевой, организационно-деятельностный, эмоционально-мотивационный, контрольно- оценочный, изменение.

Key words: substantial target component, organizational and activity, emotional and motivational, control and estimated, transformation.

Педагогикалық үдеріс дегеніміз тәрбиеленушілердің алдын ала белгіленген жағдайларын, қасиеттері мен сапаларын зерттеуге алып келетін, алға қойған мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің даму үрдісіндегі өзара іс-әрекетін атайды. Болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін дамыту үшін біз тұтас педагогикалық үдерістің мәнін табуымыз керек. Сондықтан алдымен оның құрылымдық компоненттеріне тоқталып өтеміз: мазмұн-мақсаттық компонент, ұйымдастырушылық-әрекеттік компонент, эмоционалдық-мотивациялық компонент және бақылау-бағалау компоненті[1, 60].

**Мазмұн-мақсаттық компонент** дегеніміз жалпы, дара, жеке мақсаттардың бірлігінен құралады. Жалпы мақсат бұл көркем мінездің. Дара мақсат болашақта айналысатын кәсібің. Жеке мақсат келер ұрпаққа қалдырған ізің. Ол шәкірт, ол кітабың... сізді еске түсіретін түрлі заттар мен идеялар. Тәрбие мақсаты жүзеге асырылатын оқу-тәрбие жұмысының мазмұны болып табылады.

Мақсатты не үшін қоямыз? Студенттің бойында жинақылық, тәрбиелілік, дамытушылық, сәйкестілік (жеке студентті дамыту оның мүмкіндіктерін ашу мақсатында) қасиеттерін оятамыз. Тәрбие мазмұны студенттің дамуымен, тәжірибесімен бірге өмірлік және тәрбиелік жағдаяттармен байиды.

Мұнда педагогтың міндеті – студент тұлғасы дамуы үшін мәдени орта құру және оған құндылық, өмірлік әрекет пен мәдениетте өзін іске қосуын таңдауға көмектесу болып табылады. Осы негізде біз физика-математика факультетінің екінші курс студенттеріне «Менің өмірімді өзгерткен он кітап, фильм, картина...» тақырыбында эссе жазуды тапсырдық. Студенттерге сөз берейік: 1-студент: «Өмір ол бір үлкен мектеп. Өзінің ұмытылмастай сабақтарын беріп отырады. Жас та болсам өмір дейтін ұстаздан өмірлік сабағымды мен де алған болатынмын...»;

2-студент: «...менің өмірімді өзгерткен он оқиға деген сұраққа он маңызды нәрсе таба алмадым. Өмірім оқиғасыз, бірсарынды сияқты...»;

3-студент: «Осы тапсырманы жазуға себепкер болған апайымызға үлкен алғысымды білдіремін. Оқу, жазу арқылы жан дүниеме тағы бір үнілдім, жан жағыма қарап шықтым... көптеген сұрақтар туындады және оларға жауаптар да таба алдым...»

---

4-студент: «Менің өмірім ол мына тұрған мен!» (Әл-Фарабидің мінезің қандай болса, тағдырың сондай деген пікірін еске түсіреді - Е.Г.) Өз өміріме дән ризамын және осы дүние жарығын көргенім үшін Жаратушыға шексіз алғысымды білдіремін...»

5-студент: «Өмірде ең оңайы - өзгеге ақыл айту. Айнаға қарап сырт келбетті өзгертсем, өзгеге қарап өзімді түзеймін. Өмірде болып жатқан сан түрлі жағдайлардан өмірлік тәжірибе жинақтаймын.»

Осы үзінділерден сан түрлі көзқарасты көре отырып, келесідей ой түюге болады: қазіргі жастардың ой саптауы олардың ақылында парасаттылықтың негізі, жүрегінде көркем мінездің дәні, бойында қайраттың бар екендігін айқын көрсетіп тұр.

Мазмұндылық өлшемі: қағидаларға сүйену, маңыздылық, құрылымның, мазмұнның қисындылығы. Шешендік өнері туралы сөз қозғаған Досбол қызықты қағидаттар ұсынады:

- өзіңіздің қиыншылықтарыңызды ешқашан көрсетпеңіз;
- залдағы тыныштықтан аулақ болыңыз;
- электроаппаратураны тексеріңіз;
- киім – сөйлеудің жарты бөлігі;
- платформадан аудиторияға қарай түспеңіздер...

Осындай қағидаларды білу әрбір сөз сөйлеушіге ауадай қажет. Сондықтан Сіздің он минут сөйлегеніңіз тыңдаушының өмірін бір сәт болса да тек жақсы жағына бағыттауы қажет. Осы тұста осыдан ширек ғасыр бұрын бізге орыс әдебиетінен дәріс оқыған Петр Иванович Циммерманның сөйлеген сөздерін есіме түсірсем, бейне бір камера қосылғандай ол кісінің даусы, мимикасы, жесті, өз сөзіне өзі разы болып тұрған бейнесі(эйфория) – бәрі-бәрі көз алдымызға келе қалады. Сол ұстазымыздың асыл сөзінен үзінді келтіре кетейін: «...әрбір адамның жан-дүниесі – гүлденген бақ. Ешкім ол баққа рұқсатсыз кіре алмайды. Ал бізде қалай: рұқсат сұрамақ түгел, басып таптап кіріп, тіпті түкіріп те кетеді. Сұрау барын ешкім білмейді де...». Осы өнегелі сөздер көп жағдайда көмекке келеді. Енді бір сөзінде грек ақындарының теңіз жағасында отырып, толқын көтерілгенде бір жол, толқын түскенде екінші жол, әрі қарай кете береді, сөйтіп өлеңдері дүниеге келетіні туралы айтқаны. Бұл да өте қызықты құбылыс болатын. Ал қазіргі студенттерді біз дәл осылай қызықтырып жүрміз бе? Әлде сол біздердей білімге ынталы жастардың жүрегінде ғана кездесетін күй ме бұл? Риторикалық сұрақ бұл.

Қаншама ұрпаққа үлгі болған Мұхтар Ғалиұлы Арынның да киелі сөздерінің қоңыр үні құлағымызда дәл кешегідей күмбірлейді: «Әркім шыққан төбесінің биік болғанын қалайды. Осы университет ұжымын тек жақсы жағынан көргім келеді. Немесе «тең теңімен, тезек қабымен» деген мақалды айтып қыздарға өз теңімен отау құруы қажеттігін ескертетін.»

Мұның астарында терең сыр барын кейін Құранның «Нұр» сүресінен оқып таң қалдық (24:26): «Сұм әйелдер – сұм ерлерге, сұм ерлер – сұм әйелдерге, ізгі әйелдер –ізгі ерлерге, ізгі ерлер – ізгі әйелдерге лайық. Сонда олар жаладан аулақ болады. Олар үшін кешірім, әрі көркем несібе бар.» Медицина ғылымы да осы туралы мынадай қызықты мәлімет береді: рухани даму деңгейі сәйкес келмейтін адамдар бір біріне барлық жағынан қиындықтар әкеледі екен. Кезінде ұстазымыз астарлап айтқан ойды біз де туралап айта алмай, нұсқау беріп отырмыз... Неткен ұятты халық едік!

Ақылды мақсат қою – бүгінгі күннің талабы болып отыр. Өйткені қазіргі қоғамда барлық әрекет нәтижеге жұмыс жасамаса, бәсекелестікте қапыда қалатынымыз сөзсіз. Олай болса, уақыт талабы бойынша ағылшындар қолданатын ақылды мақсат қоюды біз де үйренгеніміз жөн. Бұл құбылыс туралы халқымыз: «Даналық дегеніміз – істің аяғы неге соғарын көре білу» деген болатын.

Жалпы өмірде адам үш бағытта өзін өзі дамытуы қажет: адам болу, маман болу және отбасының мүшесі болу. Үш мақсат қоя білуі керек. Адам болудағы мақсатымыз түсінікті сияқты, мәселен адалдыққа, қанағатшылдыққа, ақылдылыққа өзіңді тәрбиелеу. Ал енді ақылды мақсат қойып көрейікші. Адам болу үшін әрбір белгіленген жылдың аяғына дейін кітаптар оқу арқылы (варианттары көп...) қоғамға және өзіне пайдалы өзгерістерге ұшырау. Мәселен, қыздар Д.Матайқызының «Айналайындарым менің... », К.П.Эстестің «Бегущая с

волками» кітаптарын оқу арқылы керемет өзгерістерге түседі; ерлер болса М.Сәрсекенің «Қазақтың Қанышы», С.Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы», Д.Грейдің «Мужчины с Марса, женщины с Венеры» және т.б. кітаптарды оқу арқылы өр көңілдерін ерлікке ауыстырады.). Немесе адам болу үшін тарих жадысында жинақталған тәжірибені тоқу арқылы ақиқатты танығанша ізденуден жалықпау.

Шебер маман болу үшін өзіне дейінгі тәжірибені тоқу арқылы университет бітіргенге дейін фундамент қалап алу керек.

Отбасы мүшесі болу, ана немесе әке болу бақыты да адамға көп жауапкершілік жүктейді.

Осы тұста қазақ халқының «әйелден әйелдің несі артық – тыныш жүріп атқарған ісі артық, ерден ердің несі артық– бір-ақ ауыз сөзі артық» деген нақылын естен шығармаған абзал.

Өмір бойы халық даналығын естен шығармай, жадыда ұстау педагогика ғылымында халықтық принцип деп аталады. Бұл принципке сүйенген, көп күйінбейді деп айтуға болады.

**Ұйымдастырушылық-әрекеттік компонент** педагогтардың тәрбиелік қызметті басқаруы мен екі жаққа ортақ тәрбиелік мәнді істерді ұйымдастыруынан тұрады. Студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыру өлшемі: тиімділік (жалпылама, топтық, жеке, жұппен), тәртіптілік, реттілік және бірқалыптылық, мұғалімнің басқару қызметі, ұжымды игеру. Жоғарыда алынған тапсырманы біз Том Батлер-Боудонның «50 великих книг, которые изменят вашу жизнь» деген кітабын оқығаннан кейін бердік[2].

Дүниеге тұтас көзқарасты қалыптастыру үшін біз міндетті түрде жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруіміз қажет. Сондықтан ағылшын тілінде жарық көрген осы кітапты оқу арқылы әрбір студент өзіндік ізденіс жолында Абай данамыз қалдырған «жігерлен, сілкін, қайраттан, беркін» деген насихатын жаңаша бағалауы әбден мүмкін. Елу кітап оқу үлкен мақсат болса, он кітаптан бастау ұлы мақсатқа апарар алтын көпір болары анық. Жалпы әрекет туралы әл-Фарабидің «Катагурийас кітабы» немесе «Категорияларда» «әрекетке ұшырау категориясы туралы пайымдауда» былай делінген: «Әрекетке ұшырау – бұл субстанцияның бір әлденеден басқа әлденеге өтуі және оның бір әлденеден басқа әлденеге айналуы. Әзірше субстанция осы екі «әлдененің» арасында үздіксіз қозғалысты жалғастыра берген сайын, ол туралы әрекетке ұшыраған деп атайды. Осындай қозғалыс бір сападан басқасына қарай өте алады. Біз «әрекетке ұшырайды» немесе «өзгереді» және «қозғалады» деп айтқан болсақ, онда ешқандай айырмашылығы жоқ, осы тектің түрлері, атап айтқанда: қозғалыс түрлері: пайда болу, жойылу, өсу, кему, айналу, орын алмастыру болып табылады»[3, 94].

**Эмоционалдық-мотивациялық компонент** тұрғысынан балаларды дұрыс бағытта дамыту үшін олардың әлеуметтік құнды және тұлғалық мәнді қажеттіліктерін анықтау қажет. Тек сонда ғана педагогикалық үдеріс өз жемісін береді.

Таным процесінде студент құбылысқа, затқа, оқиғаға, өзге адамдарға, өзіне байланысты қатынасқа түседі. Болмыстың бір құбылысы қуаныш сыйласа, екіншісі – мазасыздық, ал үшіншісіне немқұрайлылық танытады. Адам немен айналысса да оның әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатына қызмет етеді. Белсенділік эмоционалдық толқулармен қатар жүреді. Мотив – белгілі бір әрекетті тудыратын, қозғаушы күш.

Қозғаушы күш пайда болуы үшін қайшылық тууы шартты екені белгілі. Сонымен біздің зерттеуіміздің мақсаты студенттердің эмоционалды-мотивациялық тұрғыда құндылықтары мен тұлғалық мәнді қажеттіліктерін анықтау.

Топтағы белсенді студент Яхия үшін құнды нәрсе – ораторлық қасиет. Оның ең жақын кітабы П.Дэниелстің «Халық алдында сөйлеу өнері». Осы кітап арқылы көптеген кітаптармен танысып, өзін шешендік өнеріне баулыған. Сабақ барысында ол кез-келген тақырыпта еркін ой-пікірін білдіріп, тамаша идеяларымен ерекшеленеді. Тарихтан, әдебиеттен, философиядан хабары бар. Оның ең асқақ арманы «барлық жерде шындық жеңіске жетсе», - деген игі ниетінен көрініп тұрады. Бұл *процессуалдық мотивке* жатады: интеллектуалдық белсенділік көрсетуге, ойлауға және пайымдауға, әрекет барысындағы қиындықтар мен қиыншылықтарды жеңуге ұмтылысы бар.

---

Ерекше дауыстың иесі Айкөркем есімді студенттің эссесінен жаңаны тануға, білім алуға, мінез-құлық нормаларын игеруге, құбылыстардың мәнін түсінуге деген ұмтылыс байқалады (мазмұнды мотивке жатады): «...көркем мінез деген ұғымды құрметтейтінімді білсеңіз ғой? Сондай ұғымның бар екенін бізге білдіріп жеткізгеніңізге алғысым шексіз! Көп нәрсені түсінгендей болдым. Кез келген қиын жағдайдан шығу үшін, түйіндей келе сіздің сөзіңізбен:

Досымды, дұшпанымды сүйемін солай,

Шартарапқа ашылады жолым оңай,- дегім келеді...

Осы арқылы бәрін орнына қойып, ренішті ұмытуға болады. Ал реніш жойылса, барлық адам бақытты болады.» Бақыт, бақытты болуға ұмтылу адам тәрбиесінде әл-Фарабиден келе жатқан маңызды мәселе.

Әрекет барысында өзін-өзі дамыту, тәрбиелеу мотивтерін Ұлмекен есімді студенттің жұмысынан көреміз: «...сонымен қатар «Абай жолы», «Имани гүл», «Махаббат қызық мол жылдар», «Қылмыс пен жаза», «Онегин мен Татьянаның хаты» ... көп ой салды, осы сүйікті кітаптарым арқылы өзгеріске ұшыраған болатынмын.»

Ал топтағы ең нәзік қыз Айзада «Неудержимый», «Учимся любить», «Өмір мәні», «От судьбы не уйдешь», «Махаббат қызық мол жылдар», «Незаконченный роман», «Абай жолы», «Второй шанс на жизнь», «Притчи@ру» кітаптарынан алған әсерін жаза келе күнделігінен өмір туралы өз толғанысын береді: «...менің ойымша, өмір кемпірқосақ секілді әр түрлі түстерден құралған. Одан өзін қалаған кез келген түсті табуына болады. Алайда кемпірқосақтың шын мәнісінде бір ғана түстен тұратындығы бәрімізге белгілі шығар. Кемпірқосақ қалай ақ түстен болса, өмірде негізінен тек ақ жолақтан ғана құралған. Яғни қара жолақтар жоқ, тек қана онда әрбір адамның өзі ақ жолаққа салған қара іздері ғана болады. Өмірімізге қаншалықты қара түстен із салатынымыз тек өзімізге байланысты. Бәрі де өз қолымызда!»

Осы түстер туралы Боудонның кітабында: «...ханзада әуелі қызыл, сосын ақ, ақырында қара атпен шауып келеді. Осы түстер кез-келген ер азаматтың өміріндегі логикалық-символикалық реттілікті білдіреді: «қызыл» жас кездегі оның эмоциясы мен күш-қуатын, «ақ» заңға сәйкес жұмысы мен өмірін, «қара» адамгершілік пен аяушылықтың ашылуына негіз болатын ересектіктің белгісі болады»[2,85]. Белгілі американдық ақын Роберт Блай Линкольн президенттігінің соңғы жылдары қара кезеңге өткенін айтады. Оны эмоция (қызыл түс) басқармады, сыртқы заңдар мен қағидалар, өзгелерді кінәлауды тоқтатты, өзінде тамаша философиялық әзіл тілін дамытты. Айналадағы адамдардың сеніміне кірген адам қара түске өткен адам, біздің тілімізде парасатты адам, өзін-өзі тапқан адам. Бұл құбылыс туралы қазақта «Әзілі жоқтың қолында шоқпары жоқ», - деген мақал бар.

**Бақылау-бағалау компоненті** арқылы тұлғаның қызметіне әлеуметтік ықпал жасауға болады. Баға реттеуші фактор болғанда ғана адам өзінің жетістігі мен кемшілігін саналы түрде меңгеріп, алға жылжуы мүмкін.

Үнемі ізденісте жүретін студент Салтанат бірінші сыныптағы алғашқы ұстазы Қаржауова Нұргүл, химия пәнінен Махутова Райгүл апайдан бастап жоғары оқу орнындағы ұстаздарына дейін өзінің өмірін өзгертуге үлес қосты деп бағалапты: «...педагогика, этнопедагогика, психология, өзін-өзі тану сабақтары адамдарды көркем мінезге, сабырлылыққа, адамгершілік қасиеттерді дамытуға тәрбиелейді және үлесі зор. Бұл пәннің ұстаздары алтыннан да бағалы ойларын, ақыл-кеңесін беруге әрдайым дайын тұратын жандар. Математика кафедрасының оқытушылары білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иелері...» Өткен шақ пен болашақты байланыстырушы алтын көпір ұстаздарын бағалай білген Салтанатты ертең шәкірттері де бағалары сөзсіз!

Бағалай білу қабілеті Айжан есімді студентте де жақсы қалыптасқанын мына жолдардан көруге болады: «...әр студенттің өзіндік сыры бар. Бірінің мінезі, енді бірінің қайталанбас қасиетін бағалаймын. Айзада мен Шаттықтың күлкілері кіршіксіз пәк сәбидің күлкісі, Досболдың кейде біз түсініп, кейде түсінбей қалатын өзінің тілімен айтқанда «дебатерлік» әзілдері, Индираның қайсар мінезі, Әлия мен Жанболаттың сабырлығы, Ерланның өздігінен

ізденімпаздығы, Салтанаттың еңбекқорлығы, Айкөркемнің керемет дауысы, Наурыз бен Мейрамгүлдің поэзияға деген құштарлықтары, Мөлдірдің тиянақтылығы бәрі-бәрі мені қызықтыра түсті. Оларға таңырқай қарай өз мақсаттарыма жетуіме серпіліс аламын. Менің өз тобымда әрқашан бірлік пен салтанат құрып, бір-бірімізді қолдап жүретінімізге сенемін!» Мағжан ұстаз сенген жастар Сіздердей болсын, Айжан, Абай дана «біріңе қазақ бірің дос, болмасаң істің бәрі бос», - деген үндеуі Сіздерге жеткен екен деп ой қосамын.

Педагогикалық үдеріс – бұл еңбек үдерісі, ол кез-келген еңбек үрдісі болғандықтан, қоғамдық мәнді мақсаттар үшін іске асады. Педагогикалық үдерістің ерекшелігі мынада: оқытушылардың еңбегі мен студенттердің еңбегі біздерге тұтастай бірігіп, еңбек үрдісіне қатысушылардың өзіндік қатынасын – педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастырады, импликация, трансформация құбылыстарын тудырады. Трансформация – өзгеден ілгенінді өз меншігіне айналдыру негізінде, сандық өзгерістен сапалыққа өту деген сөз. Бүгінгі дұрыс деп тапқаның ертең басқаша болып шығуы, қате дегеннің өзі сізді дамытуға себеп болғанын білудің өзі өмірдің қарама-қайшылықты сипатын анықтайды емес пе? Сондықтан асығыс пікір айтуға асықпай, не істесек те, ойланып істеуге үйренейік, сонда ғана қор болмасымыз анық. Ол үшін адам естіп, көріп білгенінен үлгі алуы керек. Абай айтқан есті адам ретінде бір сәт есеп беруіміз біршама ойлардың тууына себеп болды. Сонымен қатар болашақ мұғалімдерге келесі кітаптарды оқу қажеттігі барын ескертеміз: Алма Қыраубайқызының «Жаным садаға», Қ.Елеусізұлының «Сағыныш» Ш.Амонашвилидің «Педагогическая симфония», И.Д. Демакованың «С верою в ученика», З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім» роман-эссесі жоғарыда айтып өткен үш мақсатты орындауға көмегі зор.

Қорыта айтатын болсақ, педагог пен студенттердің өзара іс-әрекеті, олардың ынтымақтастығы, педагогикалық үдерістің компоненттерін тиімді, бірлікте қолдана білуі – болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін дамытудың негізі ретінде жақсы нәтиже беретіні сөзсіз.

#### **Әдебиеттер**

1. Коджаспирова Г.М. Педагогика. – М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2004.-352 с.
2. Батлер-Боудон Т. 50 великих книг, которые изменят вашу жизнь. [пер. с англ. В. Соколовой]. – М.: Эксмо, 2013.-512 с. – (Психология. Антология мысли)
3. «Әлемдік философиялық мұра». Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. - Алматы: Жазушы, 2005.-568 бет

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАНЫҢ МӘНІ

А.Б. НАРЕНОВА

*Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті  
Ақтөбе қаласы, Қазақстан*

*В статье рассматривается сущность педагогической практики – как основная форма связывающей практического опыта и теоритического знания будущего специалиста педагога, а так же предоставлен психолого-педагогическая исследовательская работа студентов 4 курса в ходе педагогической практики.*

*In this article it is examined the essence of pedagogical practice and presented psychological-pedagogical research work of 4 course student.*

*Ключевые слова: педагогическая практика, студент-практикант, обучающий, развивающий, воспитательный, диагностический, исследовательская работа.*

*Key words: pedagogical practice, student – practice, teaching, developing, upbringing, diagnostic, research work.*

Білім саясатының өзекті мәселелерінің бірі – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде білімнің рөлін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу. Қоғамдық өмірдегі өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын қолдануды, жеке тұлғаның жан-жақты шығармашылық тұрғыдан дамуына жол ашуды көздеп отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асырушылар білім беру жүйесінің күрделі мәселелерін шешуші кәсіби – педагогикалық шеберлігі жоғары ұстаздар болмақ.

Міне, осы орайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі әзірлеген «Қазақстан Республикасы жоғары педагогикалық білім тұжырымдамасы» мен «Қазақстан Республикасы жаңа тұрпатты педагогінің үздіксіз педагогикалық білімі тұжырымдамаларында» жаңа қоғамдағы мұғалім моделінің үлгілері көрсетіліп берілген. Болашақ педагогтарға қойылатын талаптар қазіргі қоғам қажеттілігінен туындайды. Жаңа қоғам мұғалімі тек кәсіби шеберлігі жоғары адам ғана емес, рухани дамыған, шығармашыл, мәдениетті, білім құндылығын түсінетін, педагогикалық технологияларды меңгерген, ғылым мен техника жетістіктері негізінде кәсіби даярланған болуы тиіс [1].

Оқу үдерісіне жаңа бағыт беріп, оның даму жолдарын ХХІ ғасырдың талабына сәйкес айқындау үшін білімнің әртүрлі салаларына білім және ғылым, білім және адам құқығы, білімнің қоғам дамуындағы әсері, білім беру барысындағы жаңа технология т.б. талдау жасалып, қорытындылану қажет.

Педагогикалық ғылымның жаңа бағытта дамуы білім беру жүйесінде жоғары дәрежелі, жан-жақты сапалы біліммен қаруланған ұлттық, мемлекеттік, саяси-экономикалық және ел мүддесі тұрғысынан туындаған мәселелерді шеше алатын жаңа тұрпатты педагог мамандарды талап етеді. Бұл мәселені шешуде мұғалім үлкен рөл атқарады. Себебі, мектеп түлегі қай мамандықты таңдаса да, ол мектеп мұғалімі берген негізгі білімді толықтырып, кеңейтіп дамытады. Сондықтан, болашақ мұғалімдерді сапалы түрде даярлау - педагогикалық мамандарды дайындайтын кәсіптік білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі болып табылады [2, 106].

**Болашақ педагог мамандардың теориялық білімдері мен практикалық тәжірибелерін ұштастыратын негізгі форма - педагогикалық практика.** Ресей ғалымы педагогика

ғылымдарының докторы, профессор Владимир Васильевич Афанасьев: «Теория мен практиканың айырмашылығы – тәжірибеде. Теория деген не? Өткен ұрпақтардың жинаған іс-тәжірибесі. Практика деген не? Өзіміз жинақтайтын іс-тәжірибе. Теорияны да, тәжірибені де ескерген жөн. Теориямен нығайтылмаған тәжірибе ешқашанда тиімді болмайды, қандай тақырыпта сөз қозғалса да» - деп айтқан. Болашақ педагог мамандардың педагогикалық қызметті меңгеруі тек теориялық оқу мен практикалық тәжірибе өзара байланыста болған жағдайда ғана жүзеге асады. Кәсіби компоненттердің іскерлігі мен дағдыларын дәрісханада ғана отырып қалыптастыру мүмкін емес.

**Педагогикалық практикадан өту кезінде** студент-практикант қаншалықты мамандықты дұрыс таңдағанын, өзінің тұлғалық қабілеттерінің болашақ мамандығымен үйлесімділік деңгейін анықтайды. Тек ұзақ мерзімді практикада студенттердің бұрын меңгерген білімі мен қажетті білім қоры арасындағы қайшылықтары айқындалып, үздіксіз білім алу факторы туындайды. Студенттің кәсіби әрекеті мазмұнды материалдардың негізінде, практика барысында жетіледі. Бұл кезеңде студенттердің іскерлігі мен дағдылары қалыптасады және өзіне деген сенімі артады. Шығармашылық деңгейде жұмыс істеу барысында олар өз білімдерін дәлелдейді. Студент-практикант өз іс-әрекетін талдай отыра, жұмыс барысында туындаған қиыншылықтарды іскерлікпен шешеді [3, 13-176].

**Педагогикалық практиканың негізгі мақсаты** – оқу процесінде студенттің меңгерген білімін бекіту және тереңдету, болашақ мамандығы бойынша қажетті кәсіби білік-дағдыларын игеру.

**Педагогикалық практика педагогты кәсіби даярлау жүйесінде мынадай маңызды қызметтер атқарады:** оқытушылық, дамытушылық, тәрбиелік, диагностикалық. Практика жетекшілері кәсіптік тәжірибенің ұйымдастырылуын жоспарлағанда, практика бағдарламасының орындалуын ғана көздемей, әр студенттің бойындағы тұлғалық және кәсіби жақтарын мақсатты және жүйелі ашуға, әлсіз жақтарын жеңуге көмектесіп, бірегей тұлға екенін ескергені жөн.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде **5B010000 «Білім»** тобы мамандықтарында педагогикалық практика болашақ мамандардың кәсіби педагогикалық іскерлік пен дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

Практика түрлері (ҚР МЖМБС 2010ж, педагогикалық практиканың типтік бағдарламасы 2007, 2013 жылғы АӨМУ Ережесіне) сәйкес

№	Практика атауы	Семестр	Өтілу мерзімі
1	Оқу - таныстыру практика 1курс	1-2	1-2 апта
2	Оқу практика 2 курс	3-4	1-2 апта
3	Оқу-педагогикалық практика 3 курс	5-6	2-3, 5-8 апта
4	Кәсіптік (өндірістік), (мемлекеттік) педагогикалық практика 4курс	7-8	6-8апта


Педагогикалық практиканы сапалы түрде ұйымдастыруға және мазмұнды өткізуге оқу орнында барлық жағдайлар жасалған: әдістемелік нұсқаулар, құралдар, оқулықтар, Интернет және т.б. Практикаға жетекшілік жасау үшін тәжірибелі оқытушылар тағайындалады. Педагогикалық практиканың алдында кафедра оқытушылары барлық машықтану түрлерінен студенттерге оқу практикасын ұйымдастырып, оларға байқау сабақтары және тәрбие жұмыстары бойынша әдістемелік кеңестер беріп, басшылық жасайды. Студенттердің кәсіптік практикадан сапалы өтулерін қамтамасыз ету мақсатында қаладағы танымал, әрі таңдаулы білім мекемелерімен келісім-шарт жасалады. Білім мекемелерін іріктеу кезінде ондағы жұмыс істейтін педагогтардың жұмыс тәжірибелері, сапалық деңгейінің көрсеткіштері, шығармашылық әлеуеттері, оқу орнының материалдық-техникалық базасы, компьютерлік техникамен жабдықталуы т.б.есепке алынады.

Мұғалімнің кластан және мектептен тыс жүргізетін тәрбие жұмыстарының міндеті - тәрбие процесінің бірзділігі мен жүйелілігін қамтамасыз ету. Болашақ маманның мектептегі тәрбие жұмысын ғылыми тұрғыда дұрыс ұйымдастыра білуін, кәсіби қабілеттерін қалыптастыру мен дамытуда 1-2 курстарда ұйымдастырылатын, оқу практикалар маңызды рөл атқарады.

Практика кезінде студенттер класс жетекшісінің көмекшісі ретінде жұмыс жасап, өздерінің мамандықтары бойынша іс-құжаттарымен танысады. Кластан тыс тәрбие жұмысы барысында білім алушылар тәрбие жұмысы әдістемесінің қыр-сырын меңгеріп, психологиялық-педагогикалық байқау, талдау жасауға үйренеді. Кластан тыс жұмыстың негізгі міндеті – пән бойынша сабақтан тыс іс-әрекетті ұйымдастырудың практикалық дағдыларын қалыптастыру. Практиканың бұл түрі студенттердің ұйымдастыру, коммуникативті қабілеттерін дамытады, кейін байқау немесе (төселдіру) сабақтарын тиімді өткізуге әсерін тигізеді. 4 курс студенттері педагогикалық практика барысында психологиялық-педагогикалық зерттеу жұмыстарын жүргізеді.



**Психогеометриялық тест (таным процесіне арналған)**





\*Есті ойланып, әдейі дамыту деңгейі және сипаты:

- механикалық немесе ойланып жаттай ма?
- есте сақтау жылдамдығы және беріктігі қандай?
- тез есіне түсіре ме?

\*Есте сақтау типі: ойлағыштық немесе көркем сөз жаттау кезінде қандай анализаторлар негізгі рөл атқарады (есту, көру және т.б.).

### **Ойлау процесін дамыту**

\*Ойлау әрекеттері, еркін түрде ойын жеткізуі:

- заттардың және құбылыстардың маңызды немесе болмашы белгілерін ажырата ала ма?
- жалпы және абстракты меңгеру деңгейі қалай?
- өз бетінше шешім жасай ала ма?
- салыстыра ала ма, шешімнің жолдарын тез таба ала ма?

### **Өзара, мұғаліммен қарым - қатынасты анықтау**

Социометрия әдісі: (ұжым ішіндегі лидерді анықтау) .

Анкета (сұрақ - жауап) әдісі: (өзара, мұғаліммен қарым - қатынасты анықтау)

Темпераментті анықтау (тест) арқылы. Нәтижесін ұжымға берілген мінездемеде көрсеттік.

Педагогикалық практика болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындықтарының негізі болып табылады. Бұл практика түрі педагогикалық іс-әрекеттің жоғары деңгейін дамытуға бағытталған. Студенттер педагогикалық практика арқылы жылдар бойы алған білімдерін іс-жүзінде шығармашылықпен пайдалануға үйренеді, зерттеу әрекетінің дағдылары мен әдіснамалық мәдениетін дамытады [4, 5-7б].

Педагогикалық практика болашақ мамандардың кәсіби біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыруда, болашақ педагогтардың кәсіби қалыптасуында маңызды міндеттер атқарады. Практикадан өту барысында студенттердің теориялық білімдері тереңдетіледі, кеңейеді, нығайтылады. Студенттердің кәсіби білік-дағдылары мен кәсіби-тұлғалық қабілеттері қалыптасып, педагогикалық ойлауы, шығармашылық белсенділігі мен дербестігі дамиды. Педагогикалық практикада университет студенттері таңдаған мамандығының қыр-сырын тікелей жұмыс орнында танып, психологиялық және кәсіби бейімделуден өтеді. Көптеген студенттер практика кезінде өздерін мұғалім ретінде сезінуге мүмкіндік алып, мектеп оқушыларымен қарым-қатынас жасау ерекшеліктеріне үйренеді. Машықтану кезінде білім алушылар мұғалім мамандығына деген қызығушылық пен сүйіспеншіліктің тұрақтылығына тәрбиеленіп, нақты педагогикалық міндеттерді шешу барысында психологиялық-педагогикалық және арнайы білімдерін бекітеді. Студенттердің практика барысындағы белсенділігі мен нәтижелі дайындықтары алғыс хаттар, үздік мінездеmeler, мадақтаулар арқылы дәлелденеді [5, 11б].

Қорыта айтқанда, болашақ мұғалімнің кәсіби қалыптасуында практиканың мәні мен алатын орны ерекше. Ол педагогикалық оқу орны мен мектеп арасындағы тығыз байланыстың нәтижесінде жүзеге асырылады. Университет оқыту үрдісіндегі педагогикалық практиканың әртүрлілігі болашақ маманның оқушымен оқу-тәрбие үрдісін жан-жақты ұйымдастыра білу дағдысын қалыптастырып, кәсіби- педагогикалық қызметке икемделуіне негіз болады.

### **Әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы. - Астана, 2007.
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М. 1988г.
